АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ
2024 жж. 15 сәуір
Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 2/255
город Алматы

Алматы қаласы Спорт басқармасының «Ұлттық және ат спорты түрлері спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Спорт басқармасының «Ұлттық және ат спорты түрлері спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Кәсіпорынның Жарғысы бекітілсін.

3. Алматы қаласы Спорт басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Кәсіпорынның тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Е. Досаев**

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ
15 апреля 2024 г.
Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 2/255
город Алматы

О создании государственного коммунального казенного предприятия «Спортивный клуб национальных и конных видов спорта» Управления спорта города Алматы

В соответствии с законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республики Казахстан», «О государственном имуществе», акимат города Алматы **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Создать государственное коммунальное казенное предприятие «Спортивный клуб национальных и конных видов спорта» Управления спорта города Алматы (далее - Предприятие).

2. Утвердить прилагаемый Устав Предприятия.

3. Управлению спорта города города Алматы в установленном законодательством Республики Казахстан порядке:

1) обеспечить государственную регистрацию Предприятия в регистрирующем органе;

2) принять иные меры, вытекающие из настоящего постановления.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Алматы.

Аким города Алматы **Е. Досаев**

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-ның АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2024 ж. «04» 19 өткізілді
ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
«19» 04 2024 г.
БСН/БИН 240440028092

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы «15» сәуірдегі
№ 2/255 қаулысымен
бекітілген

Алматы қаласы Спорт басқармасының «Ұлттық және ат спорты түрлері спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Спорт басқармасының «Ұлттық спорт және ат спорты түрлері спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы «____»_____ № _____қаулысы негізінде құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Алматы қаласының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық субъект құқығын Алматы қаласының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырушы орган «Алматы қаласы Спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан –әрі Басқару органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Алматы қаласы Спорт басқармасының «Ұлттық және ат спорты түрлері спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: Государственное коммунальное казенное предприятие «Спортивный клуб национальных и конных видов спорта» Управления спорта города Алматы.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 050050, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтбаев көшесі, 29/3.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы көрсетілген бланкілері, мөрі бар.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ, басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні спорт саласындағы қызметті жүзеге асыру және Алматы қаласында спортты дамыту болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты ұлттық және ат спортының түрлерін дамыту болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) спорт және демалыс саласындағы білім беру;

2) спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру;

3) Алматы қаласы мен Қазақстан Республикасының құрама командаларына қабылдау үшін үміткерлерді даярлау;

4) бекітілген топтар құрамымен оқу-жаттығу сабақтарын, оқу-жаттығу жиындарын өткізу;

5) қалалық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуды қамтамасыз ету;

6) жетекші спортшыларға алдын-алу және сауықтыру шараларын жүргізу, жеткіншек спортшылардың ұлттық спорт түрлеріне бейімделуіне және физикалық дамуына жағдай жасау;

7) ұлттық және ат спорты түрлерін дамыту бағдарламасын іске асыруға қатысу;

8) Кәсіпорында дамытылатын спорт түрлері бойынша әдістемелік және бұқаралық спорттық жұмыстарды ұйымдастыруда жалпы білім беретін мектептерге жан жақты көмек көрсете отырып, білім алушыларды дене тәрбиесі мен спортқа тарту бойынша жұмыстарды жүргізу;

9) Алматы халқы арасында ұлттық және ат спорты түрлерінен бұқаралық спорт жарыстарын, спартакиада және басқа да бұқаралық денешынықтыру-сауықтыру шараларын ұйымдастыру және өткізу.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзіретін бұза отырып, жасаған мәмілесі жергілікті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

17. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта құру немесе тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттілік береді;

3) Кәсіпорынның коммуналдық мүлкін бекітеді;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды:

5) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады

18. Кәсіпорынды Басқару органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорынның құрылымын бекітеді;

3) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы қорының мөлшерін бекітеді;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорын басшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуын және сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

8) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

9) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

19. Кәсіпорынды басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

20. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін өз құзіретіне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес дербес шешеді.

21. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларға жаза қолданады;

8) Басқару органына өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да қызметкерлерінің құзіретін белгілейді;

10) мыналарға:

қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуына;

таза табыстың белгіленген бөлігінің уақтылы бюджетке аударылмағаны;

Кәсіпорында жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастырмағаны үшін жеке жауаптылықта болады.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықтық немесе оңалту басқарушыға өтеді.

5. Кәсіпорынның мүлкі

23. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілген Кәсіпорынның активтері құрайды.

24. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

25. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

26. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

27. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге да заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асады.

28. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

30. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқық жоқ.

31. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 144,154,162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

32. Кәсіпорын осы Жарғының 29- тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

33. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

34. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

35. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпаративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

36. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

37. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып коюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып коюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

38. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

39. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептілікті халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес басқару органымен келісім бойынша Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырады.

40. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

41. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкін алып коюға жол берілмейді.

42. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

43. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу корының мөлшерін жыл сайын мемлекеттік басқару органы белгілейді.

44. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекке ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың

қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысымен белгіленеді.

45. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін мемлекеттік басқару органы бекітеді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

46. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

47. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

48. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

49. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

50. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған, таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

51. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған, таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

52. Комуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы орган енгізеді.

Утвержден
постановлением акимата города Алматы
от «15» апреля 2024 года №2/255

УСТАВ
государственного коммунального казенного предприятия «Спортивный клуб национальных и конных видов спорта» Управления спорта города Алматы

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Спортивный клуб национальных и конных видов спорта» Управления спорта города Алматы (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного коммунального предприятия на праве оперативного управления.

2. Предприятие создано на основании постанавления акимата города Алматы от «_____» _____2024 года № _____.

3. Учредителем Предприятия является акимат города Алматы.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет акимат города Алматы (далее – местный исполнительный орган).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является коммунальное государственное учреждение «Управление спорта города Алматы» (далее – Орган управления).

6. Наименование Предприятия:

на государственным языке:

Алматы қаласы Спорт басқармасының «Ұлттық және ат спорты түрлері спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

на русском языке:

Государственное коммунальное казенное предприятие «Спортивный клуб национальных и конных видов спорта» Управления спорта города Алматы.

7. Место нахождения Предприятия: 050050, город Алматы, Бостандыкский район, улица Сатпаева 29/3.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

9. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является осуществление деятельности в области спорта и выполнение развития спорта города Алматы.

13. Целью деятельности Предприятия является развития национальных и конных видов спорта.

14. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) образование в области спорта и отдыха;

2) совершенствование системы подготовки спортсменов;

3) подготовка кандидатов для зачисления в сборные команды города Алматы и Республики Казахстан;

4) проведение учебно-тренировочных занятий, учебно-тренировочных сборов с утвержденным контингентом групп;

5) обеспечение участия в городских, республиканских и международных соревнованиях;

6) проведение профилактических и восстановительных мероприятий для ведущих спортсменов, создание условий для адаптации и физического развития спортсменов-подростков к национальным видам спорта;

7) участие в реализации программы развития национальных и конных видов спорта;

8) проведение работы по привлечению учащихся к занятию физической культурой и спортом, оказание всесторонней помощи общеобразовательным школам в организации методической и спортивно-массовой работы по видам спорта, культивируемым на Предприятии;

9) организация и проведение спортивно-массовых соревнований, спартакиад и других массовых физкультурно-оздоровительных мероприятий по национальным и конным видов спорта среди населения города Алматы.

15. Предприятие не в праве осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и цели его деятельности, закрепленными в настоящим Уставе.

16. Сделка, совершенная Предприятием в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан

или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя, может быть признана недействительной по иску местного исполнительного органа, либо прокурора.

4. Управление Предприятием

17. Местный исполнительный орган:

1) принимает решение о создании, реорганизации и ликвидации Предприятия;

2) утверждает Устав Предприятия, вносит в него изменения и дополнения или уполномочивает на это исполнительный орган, финансируемый из местного бюджета, уполномоченный на распоряжение коммунальным имуществом;

3) закрепляет коммунальное имущество Предприятия;

4) принимает решения об использовании имущества Предприятия, в том числе о передаче его в залог, аренду, безвозмездное пользование и доверительное управление;

5) дает согласие на создание Предприятием филиалов и представительств;

6) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

18. Орган управления Предприятием:

1) определяет приоритетные направления деятельности и обязательные объемы работ (услуг), финансируемых из бюджета Предприятия;

2) утверждает структуру Предприятия;

3) утверждает ежегодно размер фонда оплаты труда Предприятия;

4) рассматривает, согласовывает и утверждает планы развития Предприятия и отчеты по их исполнению;

5) осуществляет контроль и анализ выполнения планов развития Предприятия;

6) назначает на должность и освобождает от должности руководителя Предприятия;

7) обеспечивает контроль за использованием и сохранностью имущества Предприятия;

8) организует учет имущества Предприятия, обеспечивает его эффективное использование;

9) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

19. Орган управления Предприятием оформляет трудовые отношения с руководителям Предприятия посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

20. Руководитель Предприятия действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Предприятия в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и его уставом.

21. Руководитель:

1) без доверенности действует от имени Предприятия и представляет его интересы во всех органах;

2) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан, распоряжается имуществом Предприятия;

3) заключает договоры и совершает иные сделки;

4) выдает доверенности;

5) открывает банковские счета;

6) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников Предприятия;

7) в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовой договор с работниками Предприятия, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом;

8) представляет Органу управления кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей;

9) устанавливает компетенцию своих заместителей и других работников Предприятия;

10) несет персональную ответственность за:

финансово-хозяйственную деятельность и сохранность имущества Предприятия;

несвоевременные перечисления установленной части чистого дохода в бюджет;

организацию противодействия коррупции на Предприятии.

11) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

22. В случаях признания Предприятия банкротом или применения реабилитационной процедуры и назначения временного, банкротного или реабилитационного управляещего в порядке, установленном законодательным актом Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве, все полномочия по управлению им переходят соответственно к временному, банкротному или реабилитационному управляющему.

5. Имущество Предприятия

23. Имущество Предприятия составляют активы Предприятия, стоимость которых отражается на его балансе.

24. Имущество Предприятия является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям) в том числе между работниками Предприятия.

25. Имущество Предприятия формируется за счет:

1) имущества, переданного ему собственником;

2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;

3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

26. В ведении Предприятия может находиться лишь то имущество, которое либо необходимо ему для обеспечения деятельности, предусмотренной его уставными целями, либо является продуктом этой деятельности.

27. Приобретение и прекращение права оперативного управления осуществляются на условиях и в порядке, которые предусмотрены Гражданским кодексом Республики Казахстан для приобретения и прекращения права собственности и иных вещных прав, если иное не предусмотрено настоящим Уставом или не противоречит природе данного вещного права.

28. Плоды, продукция и доходы от использования имущества, находящегося в оперативном управлении, а также имущество, приобретенное Предприятием по договорам или иным основаниям, поступают в оперативное управление Предприятия в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан для приобретения права собственности.

29. Право оперативного управления на имущество, в отношении которого собственником принято решение о закреплении имущества на его балансе, если иное на установлено законодательством Республики Казахстан или решением собственника.

30. Предприятие не имеет право отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

31. Право оперативного управления на имущество Предприятия прекращается по основаниям и в порядке, которые предусмотрены статьей 249 Гражданского кодекса Республики Казахстан для прекращения права собственности, а также в случаях, предусмотренных статьями 144,154,162 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе».

32. Предприятие отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществвом, относящимся к основным средствам, передавать и списывать дебиторскую задолженность лишь с письменного согласия местного исполнительного органа, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 29 настоящего Устава.

33. Предприятие самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве оперативного управления.

6. Финансирование деятельности Предприятия

34. Деятельность Предприятия финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств, полученных в

порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

35. Предприятие производит перечисление в соответствующий бюджет части чистого дохода не позднее дясяти рабочих дней после срока, установленного для сдачи декларации по корпоративному подоходному налогу.

36. Предприятие самостоятельно реализует производимую им продукцию.

37. Доходы, полученные Предприятием от совершения деятельности, запрещенной законодательством Республики Казахстан, не предусмотренной Уставом, а также доходы, полученные в результате завышения установленных цен на реализуемые товары (работы, услуги), созданные за счет финансирования из бюджета, подлежат изъятию в бюджет в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. В случае выявления фактов использования имущества без соответствующего его отражения по правилам бухгалтерского учета оно также подлежит изъятию.

7. Уставный капитал Предприятия

38. Уставный капитал Предприятия формируется из имущества, полученного от собственника в управление для осуществления уставной деятельности.

8. Учет и отчетность Предприятия

39. Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности Предприятия осуществляется в соответствии с законодательством о бухгалтерском учете и финансовой отчетности Республики Казахстан и учетной политикой, утверждаемой руководителем Предприятия по согласованию с Органом Управления в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности на праве оперативного управления.

40. Годовая финансовая отчетность Предприятия включает в себя: бухгалтерский баланс, отчет о прибылях и убытках, отчет о движении денежных средств, отчет об изменениях в капитале, пояснительную записку.

9. Ответственность Предприятия

41. Предприятие отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. Обращение взыскания на остальное имущество казенного предприятия не допускается, за исключением случаев ликвидации этого юридического лица.

42. Предприятие не отвечает по обязательствам государства. При недостаточности денег субсидиарную ответственность по его обязательствам

Нөмірленген және баулықталған
Пронумеровано и прошнуровано
15 парақ/лист (-ов)

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАК-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
нөмірленген, тігілген және мөрмен
бекітілген барлығы ___ парақ
Ж. «___»

ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ВСЕГО ПРОНУМЕРОВАНО, ПРОШНУРОВАНО И СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ ___ ЛИСТАК
«___» ___ 20__ г.